

Кәсіптік біліктілікті тану бойынша ЕМТИХАН ТАПСЫРУШЫҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

1. Кандидат жеке куәлігін және рұқсат беру туралы хабарламаны көрсеткен кезде белгіленген күні және уақытта емтихан тапсыруға жіберіледі.

2. Емтихан компьютерлік сыныпта және практикалық тапсырманы орындау үшін арнайы жабдықталған орынжайда қабылданады.

3. Емтиханды теория және практика саласындағы жетекші мамандардан тұратын емтихан комиссиясы қабылдайды.

4. Емтихан комиссиясының тиісті шешімі болған жағдайда емтиханды қағаз нұсқада тапсыруға жол беріледі.

5. Емтихан тапсыру кезінде емтихан тапсыруға арналған орынжайда барлық кандидаттар үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету және олардың тапсыру ережелерін сақтауы үшін Орталық өкілдері жұмыс істейді.

6. Емтиханға бөлінген уақыт 4 сағаттан аспайды.

7. Емтихан 2 кезеңнен тұрады: теориялық және практикалық.

Теориялық емтихан біліктілік бағдарламасының талаптарына сәйкес компьютерлік тестілеу түрінде өтеді. Екінші кезең компьютерде орындалатын өндірістік сценарийді қамтиды.

Практикалық тапсырма жұмыс тапсырмаларын және белгілі бір өндірістік сценарийлерді орындауды және шешуді қамтиды.

8. Тану орталығы кандидатқа кәсіптің сипатына, жұмыс түріне, өндіріс ерекшелігіне және еңбек жағдайларына қарай жабдықты пайдалану және қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқама өткізеді. Кіріспе нұсқаманы тіркеу журналын тану орталығы қағаз түрінде жүргізеді.

9. Теориялық кезеңдегі ұпайлардың жалпы саны - 100. Емтиханның теориялық кезеңінде сұрақтардың жалпы санынан 70%-дан астам дұрыс жауап алған кандидат практикалық емтихан тапсыруға жіберіледі.

10. Егер кандидат дұрыс жауаптардың 70%-дан астамын жинамаса, емтихан автоматты түрде аяқталды деп саналады.

11. Кандидат практикалық тапсырманы орындамаған жағдайда комиссия кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтпеу туралы шешім шығарады.

12. Қорытынды бағаны қалыптастыру кезінде емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерінің нәтижелері ескеріледі. Теориялық және практикалық кезеңнің ұпайларының қосындысы 2 кезеңге бөлінеді. Алынған ұпай саны нәтижелер бойынша қорытынды баға болып табылады.

Нәтижелері бойынша қорытынды ұпай

0-70

71-100

Негізгі қорытынды

Біліктілік танылған жоқ

Біліктілік танылды

13. Емтихан комиссиясының шешімі кандидат кәсіптік біліктілікті тану рәсімін аяқтағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді.

14. Емтиханды сәтті тапсырған кандидаттарға хаттамаға қол қойылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат беріледі.

15. Кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтпеу туралы шешім қабылданған кандидатқа хаттамаға қол қойылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы және емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерін қайта тапсыру мүмкіндігі туралы хабарлама жіберіледі; білімін, іскерлігі мен дағдыларын арттыру туралы ұсынымдар беріледі.

16. Емтихан нәтижелері бойынша апелляция қарастырылған.

Кандидат нәтижелерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Орталыққа апелляцияға өтінішпен жүгінуге құқылы.

Апелляция жазбаша түрде ресімделеді, өтініш беруші қол қояды және Орталықтың мекенжайына сканерленген түрде электрондық пошта арқылы не қағаз түрінде пошта жөнелтімі арқылы жіберіледі.

Апелляцияда өтініш берушінің аты-жөні, пошталық мекенжайы, телефондары, электрондық пошта мекенжайлары, апелляция нысанасының сипаттамасы көрсетілуі тиіс.

Апелляция материалдары тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

17. Емтихан нәтижелері бойынша дұрыс жауаптардың шекті деңгейін ала алмаған кандидат Орталыққа тиісті өтініш бергеннен және емтиханды қайта тапсыру құнын төлегеннен кейін емтиханды қайта тапсыра алады.

18. Дәлелді себепсіз және Орталық әкімшісін алдын ала хабардар етпестен емтиханға келмеген кандидат емтихан тапсырмаған болып есептеледі.

19. Емтихан басталғанға дейін Орталық жабдықты пайдалану және қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқама жүргізеді, содан кейін кандидаттар Кіріспе нұсқаманы тіркеу журналына қол қояды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

20. Емтихан кезінде ақпаратты тасымалдау функцияларымен жабдықталған ұялы байланыс заттарын, оның ішінде ұялы телефондарды, планшетті, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), ноутбук, модем (мобильді роутер), радио-электрондық байланыстың кез келген түрін, смарт-сағатты, смарт-көзілдірікті, фитнес-білезікті (трекер), диктофонды, калькуляторды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, жазба қағаздарды, оқу-әдістемелік әдебиеттерді пайдалануға жол берілмейді.

21. Егер емтихан комиссиясының мүшелері кандидат тарапынан бұзушылықтар фактін байқаса, емтихан автоматты түрде аяқталды деп есептеледі.

22. Аталған заттарды пайдалану біліктілік бағдарламасында көзделген жағдайларда пайдалануға жол беріледі.

23. Ұялы телефонды өшіру немесе үнсіз режимге қою ұсынылады.